

2

Үздік тәжірибелік орталық ашылды



4

Адамды ажалдан арашалау – ЖҰМЫСЫМЫЗ



Сыр бойы

17 қазан, бейсенбі 2024 жыл

№160 (20834)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен елімізге ресми сапармен келген Армения Президенті Ваагн Хачатурян «Астана» халықаралық қаржы орталығына барды.

Президенттерге АХКО басқарушысы Ренат Бектуров қаржы орталығы қызметінің негізгі бағыттары және оның өнірлік бастамаларды дамытудағы үлесі туралы мәлімет берді.

АХКО арқылы Қазақстан экономикасына тартылған инвестиция көлемі 13 миллиард доллардан асқан. Оның 5,9 миллиард доллары АІХ биржасындағы

портфельдік инвестиция болса, 7,3 миллиард доллары АХКО-ға қатысушы компанияларға тиесілі. Бүгінде мұнда әлемдегі 80-нен астам елдің 3200-ге жуық компаниясы жұмыс істейді. Олардың қатарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қаржы қызметтері мен сақтандыру салаларына маманданған Арменияның 6 ірі компаниясы да бар.

Сонымен қатар АХКО Соты мен Халықаралық төрелік орталығының қызметі, орталықтағы сот жүйесінің ерекшелігі жөнінде де ақпарат берілді. Бұдан бөлек, АХКО қаржы қызметтерін реттеу комитетінің жұмысы туралы баяндалды. Аталған комитет пен Армения Республикасының Орталық банкі арасында Банк және сақтандыру қызметтерін, бағалы қағаздар нарығын қадағалау және реттеу саласындағы өзара іс-қимыл туралы меморандум жасалған.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Өңір көрсеткіштері көш бастады

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды. Үкімет басшысы Қызылорда облысында қолданылған су үнемдеу тәжірибесін басқа өңірлерге тарату туралы тапсырма берді. Бұл өсіресе, вегетация кезеңінде су тапшылығы қатты сезілетін оңтүстік өңірлерге қатысты.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланды. Қызылорда облысы осы жылдың қаңтар-қыркүйек кезеңінде әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша республикада көш бастады. Аймақ басшысы жұмысқа әлі де қарқын қосуды тапсырып, алдағы міндеттерді айқындады. – 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында барлық макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсім қалыптасты.



Аудандар мен Қызылорда қаласында макроэкономикалық көрсеткіштердің оң қарқыны қамтамасыз етілген. Өңір өнеркәсібінде біздің өңір көшбасшы. Құрылыс саласында да барлық өңірлердің алдында тұрмыз. Осы көрсеткішті сақтап тұру бойынша жұмыстар атқарылуы тиіс. Тиісті орталық

мемлекеттік органдармен жедел жұмыс жасап, жоспарлы параметрлердің орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, бұл жұмыстан тыс қалмаңыздар. Жыл соңына дейін барлық макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсімге қол жеткізу керек, – деді облыс әкімі.


2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Н.НӘЛІБАЕВ, облыс әкімі:

«ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ КЕМШІЛІКТЕРДІ МЕРДІГЕР МЕКЕМЕЛЕР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУІ КЕРЕК»

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы құрылыс жұмыстарының барысына қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне, мердігер мекеме басшылығына бірқатар тапсырма берді.



2-бет

/// ӨНДІРІС ӨРІСІ

«АСТАНА МОТОРС»: БӘСЕКЕГЕ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

Қазір әлемдік нарықта автоөндіріс саласы бәсекеңің нағыз бел ортасында тұр. Сол нарықтан өз еніңді қалай аласың, ертеңгі үлесің соған байланысты.


Қазақстан автоөндірісі де дамуға бет бұрды. Осының бір айғағындай, жуырда ғана республиканың жер-жерінен жиналған БАҚ өкілдері, тәуелсіз журналистер, блогерлер Алматыда «Астана моторс» компаниясының бүгінгі қызметіне куә болды.

«БІЗДЕГІ ЖІГІТТЕР «КУЗОВТЫ» «ШАНАҚ» ДЕЙДІ»

Әуелі танысқан нысан – «Астана Моторс» компаниясының еңшілес кәсіпорны Hyundai Trans Kazakhstan – Hyundai жеңіл автокөліктерін өндіретін толық циклді зауыт. Зауыттың орналасуы, реттілік пен тәртіп, тазалық, автоматтық жүйе қызметі, бәрі-бәрі келген кісіні қызықтырмай қоймайды.

Мұндағы өндіріс қуаты – жылына 50 мың автокөлік. Әрине, мұның өзі үлкен әлеует. Зауыт 2022 жылы 37 205, 2023 жылы 48 857, биыл 9 айдың ішінде 29 138 автокөлік шығарған. Мамандардың айтуынша, бұл кәсіпорынан 2020 жылдан бастап барлығы 149 323 автокөлік нарыққа жол тартқан.

Маман демекші, зауытқа келген БАҚ өкілдерінің бір тобын «Астана моторс» компаниясының бас директоры Бекнұр Несіпбаев бастап алып жүрді. Оның айтуынша, бұл зауытта Hyundai маркасының 10 моделін шығарады – Tucson, Sonata, Elantra, Santa Fe, Palisade, Staria, i30, Bayon, i20, Custin. Hyundai Accent, Hyundai Tucson модельдерін дәнекерлеу



мен бояу ұсақ торапты өндіріс әдісімен жүзеге асады. Зауыттағы барлық операциялар Hyundai Motor Company компаниясының қатаң бекітілген технологиялық процесі негізінде жүргізіледі. Әрбір автомобиль Hyundai халықаралық стандарттарына сәйкестігі бойынша тексеруден өтеді.

– Қосалқы бөлшектердің негізгі дені Оңтүстік Кореядан келеді. Қытай мен Индиядан тасымалданатын бөлшектер де бар, яғни, Hyundai автокөліктерін қамтитын зауыттармен байланыс орнаған. Осы қоймада 400 автокөлік шығаруға жететін қосалқы бөлшектер сақтай аламыз, – деді бас директор.

Зауыттың қазіргі әлеуетімен 18 сағатқа жуық уақытта бір автокөлік бастан-аяқ дай-

ын болады екен. Соның ішінде шанақ 1566 нүктені дәнекерлеу арқылы әзір тұрады. Ал, автокөліктің моделін ауыстыру үшін құрылғыларды реттеуге 2 сағат уақыт кетсе, 1 сағатта 5 шанақ дәнекерленеді.

– Кореяда мұнан 5-10 есе үлкен зауыттар бар. Автоматты тетіктері жақсы дамыған. Ал әзірге біздегі мақсат – жұмыс орындарын қамту, – дейді Бекнұр Несіпбаев.

Бас директордың айтуынша, қазір зауытта еңбек етіп жатқан азаматтардың 80 пайызы – қазақ азаматтары. Соның ішінде қаланың емес, ауыл-аймақтан келген жігіттер көп. Ең қызығы, олар терминдердің бәрін қазақша атауға дағдыланып алған.

2-бет


«СЫР ЕЛІНІҢ ЫҚЫЛЫСЫНА РИЗАМЫЗ»

Биылғы көктемгі су тасқыны оны басынан кешірген қай өңірге де оңай соқпағаны анық. Табиғи апаттың ең ауыр зардабы тиген батыстағы 3, солтүстіктегі 2 облысты былай қойғанның өзінде, орталықтағы Ұлытау облысының кейбір аудандарында бірқатар тұрғындар біраз әбігерге түсті. Жақында өңірдегі алдыңғы қатарлы мұнай компанияларының бірі – «Торғай-Петролеум» АҚ баспаналары мен қорадағы төрт түлігінен айырылып, өздерінің денсаулықтарына зақым келген Ұлытау ауданының 20 тұрғынын емдетуге демеушілік жасап, игі істің басынан табылды.

Акциялық қоғам өңірдегі белді медициналық мекемелердің бірі – «Q-med company group» ЖШС-мен Медициналық қызмет көрсету шарты шеңберінде аталған ұйымның басшысы Раушан Базарбаймен келіссөздер жүргізіп, ұлытаулық тұрғындарды осы медициналық кешен-

нің шипажайында емдетуге шешім қабылдаған. Қыркүйек айының соңғы онкүндігінде аталған ауданның алғашқы 10 тұрғыны Қызылорда қаласына келіп, «Q-med company group» ЖШС шипажайында ем алуды бастады.

4-бет



БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!
2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге

Валюта бағамы \$ 487,42 kzt

€ 531,39 kzt

₸ 5,04 kzt

Ауа райы +11° +13°

+13° +15°

